

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС "iBala" балабақшасы

Топ: «Солнышко» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 18-22 қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.09.2023	Сейсенбі 20.09.2023	Сәрсенбі 21.09.2023	Бейсенбі 22.09.2023	Жұма 23.09.2023
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы, лны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)				
	«Сиқырлы суреттер» Мақсаты: заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)	Д/О: «Сипатына қарай ерекшелігін тап» Мақсаты: сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Д/О: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» Мақсаты: заттарды салыстыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі Математика негіздері)	Д/О: «Пішінді құрастыр» Мақсаты: ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі , құрастыру)	Жаңылтпаштарды кайталау. Мақсаты: тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)
Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгілік жаттығулар(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары. Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Достар» - жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау «Күн шығады» 1-3- қолды алға, жоғары көтеру; Б.қ.				

	«Күнге жылынамыз» Б.қ. қолды артқа ұстау; 1-2- қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу; 3-4- б.қ. «Ағаштар қозғалады» Б.қ. қол төменде; Қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу; 3-4-б.қ. «Шөп шабамыз» Б.қ.- қолды алға созып ұстау; 1- оңға бұрылу; 2- солға бұрылу; 3-б.қ. «Суға шомыламыз» Б.қ. – 1-4- алға еңкейіп, жүзуді имитациялау; 5-6- б.қ. «Сүнгіміз» Орнындасекіру. Шеңбердің бойымен жүру. (Дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» (Дене шынықтыру)				
Ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Қанат жаям жалма –жан, Талпынғандай ұшуға. Иіліп қол созамын, Аяғымның ұшына. (Көркем әдебиет)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді кегельдер» Міндеті: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру дағдыларын қалыптастыру. Шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру. ҰІӨ барысы:	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді балалар» Міндеті: Шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, заттарды айналып өту қимылдарын рындай алуға	Музыка (маман жоспарына сай)	Дене шынықтыру (Таза ауада) Тақырыбы: « Көмекке мен келемін» Міндеті: Жүру түрлері, шеңбер бойлап, қол ұстасып, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, заттарды айналып өту дағдыларын дамыту. ҰІӨ барысы:	Қазақ тілі. Тақырыбы: «Анам тілін аламын...»Міндеті: Балалар-дың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту ҰІӨ барысы:

	Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: -Кегельдер арасымен жүру. - Шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру. Қ/О: «Күн мен түн» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. Тыныс алу жаттығулары. Еркін ойындар ойнау.	дағдыландыру. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: - Шеңбер бойлап, қол ұстасып жүру. - Арқаннан ұстап жүру. - Тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, заттарды айналып өту. Қ/О: «Аяғымызбен жер тебеміз» Мақсаты: Қимылдаған кезде көршісіне кедергі келтірмей, сөз бен қимыл қозғалысын үйлестіру. Тыныс алу жаттығулары. Еркін ойындар ойнау.		Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: -Жүру түрлерін орындау. -шеңбер бойлап, қол ұстасып, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, заттарды айналып өту Қ/О:«Тым-тырақай» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Тыныс алу жаттығулары. Еркін ойындар ойнау.	Шаттық шеңберінде бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлау. -Армысың –Ару аспан -Армысың –Жер Ана Амансындар ма, достарым, Сендерді көрсем қуанам! Тіл ұстарту жаттығуы: Ананың сүті-бал,баланың тілі-бал. Ананың көңілі балада, Баланың көңілі далада. Д/О: «Анама көмек» Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік
--	--	---	--	--	---

					қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу. Балаларды төрт топқа бөліп отырғызып ,әр үстелге сурет қойылады сол сурет бойынша тапсырмаларды орындайды. Балалар біз үлкен болғанда анамызға қымбат сыйлық жасап қуантамыз ал қазір анамызға үй шаруасын жасап қуанта аламыз.Еркін ойындар.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				

Серуен:	Серуен №11 Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: «Бағдаршам» Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса, сабыр	Серуен №12 Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат, денсаулық туралы түсініктерін тереңдету.	Серуен №13 Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан – менің ата-анам, Отан-досым, бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.	Серуен №14 Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге	Серуен №15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Біздің ойын алаңы» Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы
---------	---	--	--	--	---

	Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Үрпек төбет» Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. (Дене шынықтыру) Балалардың өз бетімен ойнауы: «Төбешіктен-төбешікке секір» (Дене шынықтыру)	(Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Шымшық доп» Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру. (Дене шынықтыру)	Патриоттық сезімдерін арттыру. (Көркем әдебиет) Ойын: «Қояндар секіреді». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (Дене шынықтыру) Еркін ойындар.	тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. (Дене шынықтыру)	балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл- қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: «Қуаласпақ» (Дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін өздерішешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. (Дене шынықтыру)				
Түскі ас	Әңгіме жүргізу. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге,ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық- тыру шаралары	«Ауыр тастар көтеру». Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру. (Дене шынықтыру)	Балапандар тұрайық, Көзімізді ашайық. Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп	«Велосипед» жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу. (Дене шынықтыру)	Массажды төсеніш үстімен жүру. (Дене шынықтыру)	Көзіміз ашылды, Ұйқымыз басылды. Дем алдық ұйықтадық Шаттанып

		алайық. (Көркем әдебиет, қазақ тілі)			ойнайық. (Көркем әдебиет, қазақ тілі)
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет.	Қ/О:«Ұшақтар» (Қимылды ойындар картотекасы) Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. (Дене шынықтыру)	Д/О: «Пішінді боя» Мақсаты: Түстерді тани білуге үйрету, шығармашылық дағды қалыптастыру. (Сурет салу)	Д/О: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты:байланыст ы-рып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	Д/О: «Күзде не киеміз?» Мақсаты:Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете түсіндіру. (Сөйлеуді дамыту)	Д/О: «Үй құрылысының ретін көрсет» Мақсаты:Есте сақтау, зейінін дамыту. (Құрастыру)
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Асадқа ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту.	Жангүлге көзбен бағдарлай отырып, қоянның қимылына еліктеп секіруге үйрету.	Нұрғалиға ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту.	Жомартқа кеңістікте бағдарлауға арналған ойындар ойнату.	Абайға әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.				
Серуен	Серуен №11 Күнді бақылау.	Серуен № 12 Тұманды бақылау.	Серуен № 13 Шықты бақылау.	Серуен № 14 Өткінші жаңбырды бақылау.	Серуен № 15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.
	Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту.				
Балаларды ң үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.				

